«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ
Кәсіби білім беру колледжі

«Бекітемін»
А.Карабаева
«28» 09 2026 ж.

2026-2027 оқу жылына арналған колледждің жылдық жоспары

Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе
2. Оқу бөлімінің жұмыс жоспары
3. Оқу-әдістемелік жұмыс жоспары
4. Жас маман жоспары

5 . Оқу -тәрбие жұмысының жоспары

КОЛЛЕДЖ МИССИЯСЫ - Білім беру сапасын арттыруға қабілетті жаңа форматтағы педагогтар дайындау.

МАҚСАТЫ - Білім беру ісін: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамыту және командамен жұмыс істей білуге басымдық беру, SMART педагогтар дайындау

БОЛАШАҚТАҒЫ ПАЙЫМДАУЫ – Қазақстандағы техникалық кәсіптік білім беру саласындағы педагог мамандар дайындаудың көшбасшысы, ғылыми - әдістемелік орталық, кең көлемдегі білім беру қызметін ұсынушы, бәсекеге қабілетті, құзыретті орта буын мамандарын дайындаушы, оқыту әдістерінің озық технологияларын тиімді іске асырушы.

ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ 1. Сабақтың сапасын жақсартуға арналған үдеріс - Lesson Study / Сабақты талдау тәсілінің қолдану тәжірибесімен танысу, зерделеу;

2. Республикамыздағы халықаралық ағылшын тілі курстарына жіберу арқылы оқытушыларға ағылшын тілінің IETS.(6.0 / 6.5) TOEFL (100) деңгейлерін меңгерту;

3. Колледждің компьютерлік паркін сапалы құрылғылармен жаңарту;

4. WorldSkills стандарттарын педагогика пәні бағдарламасына енгізу және WorldSkills тәсілі бойынша студенттердің практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихан түрінде студенттерді қорытынды бағалаудың жаңа жүйесін енгізу жұмыстары жүргізу;

5. 2023-2026 жылдар аралығында оқытушыларды (халықаралық) тағылымдамадан өткізу, озық педагогикалық әдіс –тәсілдерді педагогикалық процеске енгізу.

НЕГІЗГІ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ:

1. Колледждің оқу үрдісін тиімді түрде ұйымдастыру;

2. Әлеуметтік серіктестік нысандарын жетілдіру арқылы, оқытудың дуальді жүйесін дамыту;

3. Колледждің даму бағытын және оның материальдық – техникалық базасын айқындау және жетілдіру;

4. Семестр бойынша және оқу жылындағы колледж жұмысының нәтижелерін талдау, колледж түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға ықпал ететін факторларды анықтау;

5.Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес еңбек нарығы жағдайында жұмыс істей алатын мамандарды даярлау сапасын бақылау;

6. Білім беру процесіне инновациялық технологияларды белсенді енгізу, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру;

7. Бітірушілердің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізу және олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін бағалау, әлеуметтік серіктестік жүйесін жетілдіру;

8. Педагогтардың цифрлық құзыреттіліктерін, білім берудің цифрлық контенттері мен платформаларын білім беру үрдісінде тиімді қолдануды жетілдіру.

9.Колледждің академиялық еркіндігін есепке ала отырып, білім мазмұнын жаңарту және нәтижеге бағдарлап оқытуды жүзеге асыру.

10.Оқу пәндеріне және кәсіптік практиканың оқу жұмыс бағдарламаларына функционалдық сауаттылық тапсырмаларын енгізу арқылы білім алушылардың оқу жетістіктері мен білім сапасын арттыру.

I. Педагогикалық кеңестің тақырыптары

№	Тақырыптар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	**Тақырыбы: «2026-2027 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру мәселелері»** 1.«2026-2027 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық әдістемелік ұсынымдар, жаңа нормативтік –құқықтық құжатдың талаптарымен таныстыру» 2. Қабылдау комиссиясының жұмыс есебі 3. 2026 – 2027 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру, талдау, бекітуге ұсыну 5. Мамандықтардың кәсіптік модульдері бойынша модульдік жұмыс оқу бағдарламаларын жоспарларын бекіту 6. Курстық жұмыстардың тақырыптарын талдау және бекіту.	**29.08. 2026** **№1**	

	7. Кураторлық жұмысты ұйымдастыру талаптары 8. Әртүрлі ұйымдастыру сұрақтары		
2.	**I. Тақырыбы: «Студенттердің оқу жетістіктерін рейтингтік бағалау жүйесі: тәжірибе және жетілдіру жолдары»** 1. «Білім беру сапасын қамтамасыз етуде рейтингтік-балдық бағалау жүйесінің бағалау жүйесінің рөлі мен маңыздылығы» 2. Оқу-тәжірибе жұмыстарын сапалы ұйымдастырылуы 3. 2026-2027 оқу жылында аттестациядан өтуге өтініш берген оқытушылардың өтініштерін қарау үшін колледжішілік аттестация құрамын бекіту. 4. Оқытушыларды біліктілік арттыру курстарына жіберуді ұйымдастыру 5. «Студенттердің оқу мотивациясын арттырудағы рейтингтік-балдық бағалау рөлі» 7. Оқытушы тұлғасына қоятын талапатар 8. Емтихан билеттерін, сынақ, кеңес беру кестелерін бекіту 9. Студенттерді қысқы емтихан сессияларына жіберу мәселелері 10. Әр түрлі мәселелер	**26.11. 2026 №2**	
3.	**2026-2027 оқу жылының I семестрінің қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес** 1. 2026-2027 оқу жылының I семестрінің қорытындысы 2. Нәтижеге бағдарлап оқытудың пән сабақтарында және кәсіптік практика да жүзеге асырылу жағдайы, болашақ мамандар дайындау сапасына әсері 3.2026-2027 оқу жылында аттестациядан отуге өтініш берген оқытушылардың тізімін анықтау 4.Колледж студенттерінің қызығушылықтары бойынша нәтижелері 5. Оқу үдерісін параграф «Platonus» цифрлық жүйесі арқылы тиімді бақылау және оқытушылар мен студенттердің оқу іс-әрекеті мен оқыту сапасының мониторингін жүргізу нәтижелері 6. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) жағдайы, сапасы 7.Курстық жұмыс жетекшілерін, кесетелерін бекіту туралы 8. Әр түрлі мәселелер	**28.01. 2027 №3**	

4.	**1.Тақырыптық педагогикалық кеңес: Білім беру бағдарламаларының (ББ) Ұлттық портфелін әзірлеу және мемлекеттік тілде оқу құралдарын жасау»** **Баяндамалар:** 1. Мемлекеттік емтихан билеттерін, кестесін бекіту туралы 2. Мемлекеттік емтихан комиссия мүшелерін бекіту туралы 2. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының жеке пәндер әдістемелері пәндері бойынша ББ әзірлеу жағдайы және сапасы 3. «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының жеке пәндер әдістемелері пәндері бойынша ББ әзірлеу жағдайы және сапасы 4. «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының жеке пәндер әдістемелері пәндері бойынша ББ әзірлеу жағдайы және сапасы 5.Әр түрлі мәселелер	**25.03. 2027** **№4**	
5.	**Тақырыптық педагогикалық кеңес: «Функционалдық сауаттылық бойынша білім алушылардың білім жетістіктерінің және колледж оқытушыларының тапсырмаларды әзірлеп, оқу процесіне енгізу сапасының мониторингі»** 1. Колледж оқытушыларының сабақтарында функционалдық сауаттылық тапсырмаларын әзірлеу және оқу процесіне енгізу сапасы (Бастауыш білім беру және МДТ мамандықтары) 2. Колледж оқытушыларының сабақтарында функционалдық сауаттылық тапсырмаларын әзірлеу сапасы **3.** ББББ, МДТ мамандық білім алушыларын 01.06.-14.06.2026 жылы екі апталық аралық аттестаттауға жазғы сессияға жіберу 4. Бітіруші топтарды қорытынды аттестаттауға жібер	**27.05. 2027** **№5**	
6.	**2026-2027 оқу жылының қорытындысы және қорытынды аттестаттау бойынша педагогикалық кеңес** 1.2026-2027 оқу жылының қорытындысы - Оқу үрдісінің жылдық есебі. 2.Қорытынды аттестаттау есебі 3.Оқу-өндірістік практика жұмысының есебі. –		

	4.Оқу-әдістемелік жұмыс есебі. – 5.Тәрбие жұмысының есебі. – 6. «Жыл тарландары» оқу жылында педагогикалық үдерісте ұйымдастырылған жұмыстардың қорытындысы 2026-2027 оқу жылында жұмыстарды жоспарлаудың өзекті мәселелері		

Мақсаты: Колледждегі оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру, білім беру сапасын арттыру, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасау және педагог кадрлардың әдістемелік әлеуетін дамыту.

Міндеттері

- Оқу процесін ұйымдастыруды реттейтін білім беру саласындағы заңнаманы зерделеу;
- Білім беру саласындағы ҚР МЖБМС ТжБК талаптарына сәйкес оқу процесін ұйымдастыру бойынша оқу-жоспарлау құжаттамасын жасау.
- Оқу процесін ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

II. Оқу жұмысы

1. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Рет саны	Атқарылатын іс – шаралардың мазмұны	Мерзімі
1. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЙЕЛІ БАСҚАРУ		
1.1	Оқу жылы басталғанға дейін контингент қозғалысы, студенттерді қабылдау, ауыстыру туралы бұйрықтарды әзірлеу	тамыз
1.2	Колледжде дайындалатын мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларын, білім беру паспорттарын, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жұмыс берушілермен, кәсіпкерлер палатасымен келісу, бекітуге ұсыну	тамыз
1.3	Жұмыс оқу бағдарламаларын мазмұнына жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес тақырыптардың енгізілуін, оқу пәндері бойынша оқытудың нәтижелерін, бағалау критерийлерін анықтауда нақты кәсіптік стандарттар мен жұмыс берушілердің талаптарының ескерілуін, жұмыс оқу бағдарламаларының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігін, оқытудың нәтижесі мен қалыптастырылатын біліктілік құзыреттіліктерді жүзеге асырылу сапасын бақылау	тамыз жыл бойы

1.4	Жаңа оқу жылына оқытушылар жүктемесін бекіту	қыркүйек
1.5	Сабақ кестесін, факультативтік сабақтар кестесін құрастыру, бекіту.	қыркүйек
2. ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР		
2.1	Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары: 2-НК және әкімшілік есептік нысандағы есептер үшін құжаттарды дайындау	Қыркүйек
2.2	2026– 2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын құрастырылуында өзекті мәселелердің қамтылуын ескеру, талдау, бекітуге ұсыну.	Қыркүйек
2.3	Семестрлік емтихандар мен сынақтардың, бақылау жұмыстарының кестесін құрастыру және бекітуге ұсыну	Қыркүйек
2.4	Дене шынықтыру сабағы бойынша арнайы топқа қатысатын білім алушыларды анықтау, тізімдерін жасау	Қыркүйек
2.5	Білім алушылар қозғалысы туралы мәліметтер дайындау	Қыркүйек
2.6	Оқу құжаттарын тексеру, тиісті әдістемелік көмектер беру	Айына бір рет
2.7	Қысқы және жазғы семестрлік сессияларды ұйымдастырып, өткізу	Кезінде
2.8	Қорытынды аттестаттау емтихандарға қатысу және талдау, есептер құрастыру	Маусым
2.9	Оқытушылардың сабаққа дайындықпен келуін, сабақ беру, оқыту сапасын тексеру	Үнемі
2.10	Оқу үрдісінің, сабақ кестелерінің орындалу барысына бақылау жүргізу	Үнемі
2.11	Оқыту мен білім сапасын жақсарту және үздіктерді анықтау мақсатында байқаулар ұйымдастырып, өткізу: 1«Үздік жас маман» 2.«Үздік педагог»	сәуір қаңтар
2.12	Оқу үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдану арқылы студенттердің білімін және біліктілігін арттыру арқылы білім сапасын арттыруды жалғастыру	Үнемі
2.13	Педагогикалық оқулар өткізу (оқытушылар мен жоғары курс білім алушылары арасында)	Қазан
2.14	Колледж ішілік Worldskills	Қазан
2.15	Колледж арасындаы «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша олимпиада	Қазан
2.16	Сапа комитетінің отырысы	Қаңтар Маусым
3. БІЛІМ СТАНДАРТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ		
3.1	Оқу үдерісінің кестесінің орындалуын жүзеге асыру	Ай сайын

3.2	Нәтижеге бағдарланған білім берудің сапасын, бағалау критерийлерінің жүзеге асырылу барысын қадағалау, талдау	2 айда бір рет
3.3	Аралық аттестаттаудың ұйымдастырылуын және жүргізілуін қадағалау.	Семестр сайын
3.4.	Академиялық адалдық қағидаттарын нығайту және білім алушылар мен педагогтер арасындағы ашықтық, анықтық, өзара сенімділік, ақпарат пен идеялардың ашық алмасуын қамтамасыз ету	Семестр сайын
3.5.	ҰБДҚ-мен интеграцияланған білім беру ұйымдарының ақпараттық жүйелерінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету	Семестр сайын
3.6.	WorldSkills талаптары (стандарттары) бойынша нақты қызметтер мен өндірістік процестерді модельдеу жағдайында түлектердің практикалық дағдыларын, білім деңгейі мен құзіреттерін көрсету және тәуелсіз сараптамалық бағалау рәсімін көздейтін демонстрациялық емтихан біліктілік емтихандарын ұйымдастыру	Мамыр-маусым
4. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР		
4.1	Білім алушылардың оқу жетістіктерін балдық – рейтингтік әріптік бағалау жүйесін тиімді қолдану және жас ұстаздармен осы тақырыпта әдістемелік коучингтер ұйымдастыру	Қыркүйек –қараша
4.2	Білім алушылардың білім сапасына мониторинг жүргізу	Қыркүйек, қантар, маусым
4.3	Колледжішілік пәндік олимпиада өткізу	Қараша
4.4	Семестрлер қорытындысын шығару	Қаңтар, маусым
4.8	Курстық жұмыстарды алдын ала қорғау және қорғау қорытындысы	Қаңтар- маусым
4.9	Семестрлік емтихандарға жіберу туралы педагогикалық кеңестер өткізу	кезінде
4.10	Халықаралық, республикалық, қалалық олимпиадаларға қатысу	Үнемі
4.11	Конференциялар, байқаулар, жобалар, олимпиадалар және т.б. мәліметтер банкін құру	кезінде

III. Әдістемелік жұмыс

1. Мақсаты

Колледж педагогтерінің кәсіби және әдістемелік құзыреттілігін үздіксіз дамыту, заманауи педагогикалық, цифрлық және жасанды интеллект технологияларын оқу процесіне тиімді енгізу, оқытушылардың өзара тәжірибе алмасуын ұйымдастыру, озық педагогикалық тәжірибені анықтау, жинақтау және тарату арқылы білім беру сапасын арттыру.

2. Міндеттері

1. Педагогтерге оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда жүйелі әдістемелік қолдау көрсету.
2. Оқу-әдістемелік құжаттардың сапалы және талапқа сай жүргізілуін қамтамасыз ету.
3. Заманауи педагогикалық, цифрлық және инновациялық технологияларды оқу процесіне енгізуге жағдай жасау.
4. Жасанды интеллект құралдарын оқу процесінде тиімді әрі жауапты пайдалануды үйрету.
5. Оқытушылардың өзара тәжірибе алмасуын, ашық сабақтарын, шеберлік сабақтарын және кәсіби семинарларын ұйымдастыру.
6. Жас педагогтерге тәлімгерлік және әдістемелік қолдау көрсету.
7. Педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктерін анықтау және жеке кәсіби даму бағыттарын белгілеу.
8. Озық педагогикалық тәжірибені анықтау, жинақтау және тарату.
9. Педагогтердің авторлық әдістемелік және цифрлық өнімдер әзірлеуіне қолдау көрсету.
10. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдерін педагогикалық тәжірибеге енгізу.
11. Дуальды оқыту, практикалық оқыту және кәсіби құзыреттерді дамыту бойынша әдістемелік жұмыстарды үйлестіру.
12. Колледждің әдістемелік қорын жүйелі түрде толықтыру және жаңарту.

№	Отырыстың тақырыбы	Күтілетін нәтиже	Мерзімі	Орындаушы	Аяқтау формасы
	Әдістемелік кеңестің 1- отырысы				
1	2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту	Әдістемелік жұмыс жоспары бекітіледі	Қыркүйек	әдіскер	отырыс хаттамасы
2	Педагогтердің оқу-жұмыс бағдарламалары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын зерделеу	Оқу құжаттарының талапқа сәйкестігі қамтамасыз етіледі	Қыркүйек	әдіскер ӘК мүшелері	отырыс хаттамасы
3	Жас педагогтермен жұмыс жоспарын құру, тәлімгерлермен жұмысты ұйымдастыру	Жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсетіледі	Қыркүйек	Нурпейсова Г.Т.	отырыс хаттамасы
4	Педагогтердің әдістемелік тақырыптарын анықтау және кәсіби даму бағыттарын белгілеу	Педагогтердің жеке кәсіби даму бағыттары айқындалады	Қыркүйек	әдіскер ӘК мүшелері	отырыс хаттамасы
	Әдістемелік кеңестің 2 отырысы				

1	Оқу процесінде қолданылатын заманауи оқыту технологияларының тиімділігін зерделеу	Тиімді әдіс-тәсілдер анықталып, тәжірибеге енгізіледі	Қараша	Әдіскер	
2	Педагогтердің өзара сабаққа қатысуын және тәжірибе алмасуын ұйымдастыру	Педагогтердің тәжірибе алмасуы жүзеге асырылады	Қараша	Абдимуталипова А.	
3	«Сабақты тиімді жоспарлау және ұйымдастыру» тақырыбында жас педагогтерге әдістемелік семинар өткізу	Жас педагогтердің кәсіби құзыреттілігі артады	Қараша	Әдіскер Сеитова А.М.	
4	Оқу-әдістемелік кешендердің толықтығын және сапасын талдау	Оқу-әдістемелік материалдардың сапасы жақсарады	Қараша	Әдіскер Ахметова Ш. Бегимбетов Д	
		Әдістемелік кеңестің 3 - отырысы			
1	Педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктерін анықтау	«Кәсіби даму траекториясы: оқытушының үздіксіз өзін-өзі дамытуы»	Қаңтар	Әдіскер Сапа комитеті	
2	Педагогтердің әдістемелік әзірлемелерін зерделеу	«Авторлық әдістемелік әзірлеме: идеядан тәжірибеге дейін»	Қаңтар	Әдіскер	
3	«Жас маманға қолдау» (тренинг)	Жас педагогтерді бейімдеу, тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру	Қаңтар	Әдіскер психолог	
4	I семестрдегі әдістемелік жұмыстың орындалуына талдау жасау	Әдістемелік жұмыстың нәтижесі бойынша аналитикалық анықтама дайындалады	Қаңтар	Әдіскер / пән оқытушылар	
		Әдістемелік кеңестің 4- отырысы			
1	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәсілдерін зерделеу	«Қалыптастырушы және жиынтық бағалау: тиімді бағалау құралдары»	Наурыз	Әдіскер ДОӘІжО Калиева А	
2	Әдістемелік және дидактикалық материалдарды, оқу құралдарын, әдістемелік нұсқауларды қарау және бекіту	Білім беру үдерісінің сапасын арттыру, оқу бағдарламаларына сәйкестігін қамтамасыз ету	Наурыз	Әдіскер ДОӘІжО Калиева А.К.	
3	«Lesson Study: сабақты зерттеу» (Workshop)	Бірлескен зерттеу арқылы сабақ сапасын арттыру	Наурыз	Әдіскер Нүсіпбай Зейнеп	
5	Үздік жас маман байқауы	Жас педагогтерге қолдау көрсету және тәжірбиесін тарату		Әдіскер Сеитова А.М.	

	Әдістемелік кеңестің 5 отырысы				
1	Жылдық әдістемелік жұмыстың қорытындысын шығару	«Бір оқу жылының әдістемелік нәтижелері: тәжірибе, нәтиже, даму»	Мамыр	ӘК мүшелері	отырыс хаттамасы
3	Колледждің әдістемелік тақырып және жалпы білім сапасы бойынша жұмыстарының нәтижесі.	Колледжде оқу процесінің сапасын арттыру	Мамыр	Әдіскер	отырыс хаттамасы
4	2025-2026 оқу жылының 2 жартыжылдығы жұмысының сараптамасын дайындау. 2025-2026 оқу жылының 2 жарты жылдығында сабаққа қатысу, ашық сабақтар, ӘК апталықтары сараптамалары.	Жетістіктер мен кемшіліктерді бағалау	Маусым	Әдіскер , пән оқытушылары	отырыс хаттамасы
5.	2027-2028 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс жоспарын жетілдіру	Келесі жылға дайындық	Маусым	Колледж әдіскері	отырыс хаттамасы

IV. ЖАС МАМАН ЖҰМЫС

Міндеттері: ТжКБ жүйесіндегі педагогикалық қызметінің тиімділігін арттыру, кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру арқылы колледж жас оқытушыларының біліктілігін арттыру; оқытушының колледжде бейімделуі – жұмысқа қабылданған маманнан барынша мүмкін болатын қайтарымға қол жеткізу, сондай-ақ оларды қолдау.

Тапсырмалар:

- оқытушыларға олардың колледжде бейімделуіне практикалық көмек көрсету;
- жас мұғалімдердің кәсіби өсуіне және олардың біліктілігін арттыруға көмектесу;
- оқу-тәрбие процесінде жаңадан бастаған мұғалімдердің жетекші қажеттіліктерін анықтау және оларды шешуге ықпал ету.

Жұмыс бағыттары:

- оқыту курсының мазмұнын дамыта отырып, сабаққа қойылатын заманауи талаптар, жаңа технологиялар, білімді бақылау және тексеру әдістері туралы білім жүйесін қалыптастыру;
- теориялық және практикалық оқыту сабақтарын жобалау және модельдеу дағдылары мен дағдыларын дамыту.

Мақсаты

- Жас мамандарды қазіргі заманауи талапқа сай, нәтижеге бағдарланған, білім берудегі жаңашыл қызметте жаңа технологиямен жан-жақты іздену арқылы еңбек етуге үйрету

Міндеттері:

- Нормативтік құжаттармен жұмыс істеуді меңгерту;
- Өз пәндері бойынша жаңа технологияларды игерту;
- Алдыңғы қатарлы жаңашыл педагогикалық тәжірибелерді енгізу, қолдану, іздену арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру;
- Озық тәжірибелі ұстаздардың сабағына қатысу;
- Өз білімін көтеріп, толықтырып отыру.

Күтілетін нәтиже:

- оқытудың инновациялық және ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдану арқылы білім сапасының көтерілуі;
- білім берудің әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген, жан-жақты құзыретті педагогтың қалыптасуы;
- педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік мүмкіндігінің жетілуі.

«Жас маман» жұмысының оз білімін көтеру бағыттары:

1. Пән бойынша білімді тереңдету, ғылым, мәдениет, техника жетістіктерімен және жаңа технологиямен танысу;
2. Өзара сабаққа қатысу, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесімен танысу;
3. Оқу-тәрбие үрдісіне қатысты бұйрықтармен, нұсқаулықтармен танысу және басшылыққа алып, жұмыс жүргізу;
4. Білім жетілдіру курстарынан оту.

Педагог-тәлімгер туралы мәліметтер

№	Тәлімгер	Бітірген оқу орны, Мамандығы	Санаты	Пед өтілі
1	Сеитова Айткул Мырзахановна		Педагог-модератор	25 жыл

Жас маман туралы мәліметтер

№	Тәлім алушы	Бітірген оқу орны, Мамандығы	Санаты	Пед өтілі

1	Байсапарова Аяулым Жомартқызы	Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті 6В01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагог	1 жыл
2	Тағаймұрат Аида Қайырбекқызы	Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті 6В01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагог	2 жыл 7 ай
3	Отепберген Зарина Сағынышқызы	Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті 6В01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагог	6 ай
4	Тілек Найла Қанатқызы	Қазақ спорт және туризм академиясы 6В01401-Дене шынықтыру және спорт	Педагог	-
5	Усентаева Гулбану Исмайловна	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагоикалық университеті, 5В010300-Педагогика және психология	Педагог	6 жыл
6	Ахметова Дарина Омаржановна	Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті 6В01703-руский язык и литература	Педагог	1 жыл
7	Азатбек Аяжан Хамзақызы	Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті Шет тілі: екі шет тілі Педагогика және психология	Педагог	1 жыл
8	Тілек Үміт Ғалымқызы	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагоикалық университеті, Бакалавр филолог: қазақ тілі әдебиет Абай Магистратура: бастауыш	Педагог	3 жыл

I. Оқу-ұйымдастыру жұмыстары

Р/с	Орындалатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты орындаушы
1.1	Жас мамандар құрамын анықтау; - Тәлімгер оқытушылар тағайындау; - Оқу бағдарламасы мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарды құруға кеңес беру	1-5 қыркүйек	Әдістемелік кабинет меңгерушісі Джандыбаева Н.Ж., Сейтова А.М. Сапа комитеті
1.2	Колледж жұмысына жас маманды тарту, сабақ жоспарларын жасау үлгілері жөнінде нұсқау беру	Үнемі	Әдістемелік кабинет меңгерушісі Джандыбаева Н.Ж., Сейтова А.М. Сапа комитеті

1.3	Жас мамандарды тәлімгер оқытушылардың сабақтарына қатыстыру	Үнемі	Әдістемелік кабинет меңгерушісі Джандыбаева Н.Ж., тәлімгерлер
1.4	Колледжішілік еңбек тәртібі ережелерімен таныстыру	Жыл басында	Әдістемелік кабинет меңгерушісі Джандыбаева Н.Ж., тәлімгерлер
1.5	Колледжішілік ағымдағы жұмыстарға қатысуға жетелеу	Қараша	Әдістемелік кабинет меңгерушісі Джандыбаева Н.Ж., тәлімгерлер
1.6	Әдістемелік көмек көрсету, бағыт-бағдар беру	Үнемі	Әдістемелік кабинет меңгерушісі Джандыбаева Н.Ж., тәлімгерлер
1.7	Оқушылармен, ата-аналармен жұмыс жасауына кеңес беру	Үнемі	Әдістемелік кабинет меңгерушісі Джандыбаева Н.Ж., тәлімгерлер
1.8	Жас мамандардың жұмыстарына колледжішілік бақылау ұйымдастыру	Үнемі	Әдістемелік кабинет меңгерушісі, тәлімгерлер

II. Оқу-әдістемелік жұмыстар

2.1	Жас мамандармен жұмыс «Жаңа заман – жаңашыл ұстаз» тәлімгерлер апталығы	қараша	Әдістемелік кеңес мүшелері
2.2	**Практикалық сабақ:** «Педагогикалық-психологиялық міндеттер мен проблемалық жағдаяттарды шешу жолдары»	қаңтар	Психолог Тәлімгерлер
2,3			

2.4	**Дөңгелек стол:** «Маман ретіндегі қалыптасуда проблемалар және оны шешудің жолдары»	ақпан	«Жас маман» жұмысының жетекшісі Тәлімгерлер Сеитова А.М.
2.5	**Дөңгелек стол:** «Жас мамандардың білімін жетілдіру»	наурыз	Тәлімгерлер
III. «Жас маман» жұмысының отырыстары			
	№1 отырыс		
1.1	Жас мамандардың сапалық құрамын анықтау, тәлімгерлер бекіту	Қыркүйек	Әдіскер Джандыбаева Н.Ж.
1.2	2026-2027 оқу жылына арналған «Жас маман» жұмысының жылдық жоспарын бекітуге ұсыну		
1.3	Жас маманды колледждің ішкі ережелерімен таныстыру		Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Калиева А.К., Сеитова А.М.
1.4	Өзара сабаққа қатысу графигін ұйымдастыру		Әдіскер Джандыбаева Н.Ж.
	№2 отырыс	Қараша	
2.1	Дөңгелек үстел: **«Педагогикалық тәжірибе шығармашылықтың бастамасы»**		Ағылшын пәнінің оқытушысы
2.2	Аттестациядан өтетін оқытушылардың жұмыстарын саралау		Әдіскер Джандыбаева Н.Ж., тәлімгерлер
2.3	Семинар сабақ: **«Білімді бағалаудың маңызы мен міндеттері, талаптары»**		Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Калиева А.К.
2.4	Өз білімін көтеру жұмысын ұйымдастыру		Тәлімгерлер
	№3 отырыс	Қаңтар	

3.1	Семинар сабақ: «**Қазіргі жағдайдағы білім берудің басымдылық ролі**».		Арнайы пән оқытушысы
3.2	Баяндама: «**Педагогикалық қарым-қатынас» моделі».**		Қазақ тілі пәнінің оқытушысы Нұрпеисова Г.
3.3	І жартыжылдық жұмыс қорытындысы		
	№4 отырыс	Наурыз	
4.1	Баяндама: «**Болашақ маманның танымдық белсенділіктерін арттырудың педагогикалық шарттары»**		Арнайы пәндер оқытушысы,
4.2	Баяндама: **«Оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас».**		Психолог
4.3	Семинар-сабақ: **«Модульдік оқыту технологиясын оқу-тәрбие процесінде пайдалану»**		Жоғарғы деңгейдегі жоғары біліктілік санатты арнайы пәндер оқытушысы
	№ 5 отырыс	Мамыр	
5.1	Баяндама: «**Басты мақсат-оқушының ынтасын ояту».**		Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Сейтова А.
5.2	Баяндама: **«Бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру – заман талабы»**		«Жас маман» жұмысының жетекшісі Сеитова А.М., тәлімгерлер
5.3	ІІ жартыжылдық қорытындысы. Жас мамандар мен тәлімгерлердің есебі		Тәлімгерлер мен жас мамандар
5.4	Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын құру		«Жас маман» жұмысының жетекшісі, Сеитова А.М. тәлімгерлер

V. «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

КІРІСПЕ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.
Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.
Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және озара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Бағдарламаның мақсаты:
қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық
пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.
Бағдарламаның міндеттері:
Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:
отанға, оз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:
елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын
болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:
басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
Қыркүйек – еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

ҚҰНДЫЛЫҚ: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

- жағдаятты өз бетінше талдау, таңдау жасау және шешім қабылдау;
- өз елінің тарихы, мәдениеті, дәстүрлері мен жетістіктері туралы кеңейтілген білімінің болуы;
- халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
- елдегі және әлемдегі оқиғаларды объективті бағалау үшін ақпаратты сыни тұрғыдан талдай білу;
- ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал ететін мемлекеттік тілді еркін меңгеру;
- еңбек нарығындағы жоғары кәсіби дағдылар мен бәсекеге қабілеттілік;
- Қазақстанның тәуелсіздігін халықаралық аренада аргументті қорғауға дайын болу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

- басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде өз мінез-құлқын сыни тұрғыдан бағалау және түзету;
- өзара сыйластық пен ынтымақтастықты көрсете отырып, өз көзқарастарын білдіру;
- ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ете отырып, командада тиімді жұмыс істеу;
- басқа (соның ішінде қарама-қарсы) идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- қоғамдағы бірлік пен келісімді сақтаудың маңыздылығын түсіне отырып, жанжалды жағдайларды шешуде келісімге келу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

- белгілі бір процестің барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінің теңдігін ескере отырып, өзінің және басқалардың әрекеттерін бағалау;
- ортақ нәтижеге жетуде әрбір тапсырманың маңыздылығын түсіну, өзіне жүктелген міндеттерді сапалы және мерзімінде орындау; белгіленген стандарттарға, нормалар мен ережелерге сәйкес жұмыс істей білу, олардың орындалуын қамтамасыз ету;
- өз жұмысының нәтижелері үшін жауап беруге, сын пікірді қабылдауға және түзетуге дайын болу; тапсырмаларды жоспарға сәйкес сапалы және уақытылы орындау.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

- заң мен құқықтық актілерді дұрыс түсіндіру және білу;
- алынған құқықтық білімді нақты өмірде, нақты практикалық жағдаяттарды шешуде дербес қолдана алу;
- қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау үшін құқықтық нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет ету;
- жағдайларды заңдылық пен этика тұрғысынан бағалау және негізделген шешімдер қабылдай алу қабілетінің болуы.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

- елдің, қоғамның дамуы үшін өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелері мен үлесін бағалау;
- қазіргі қоғамдағы еңбектің әлеуметтік-экономикалық және саяси маңыздылығын түсіну;
- отбасында, мектепте, туған өлкеде әлеуметтік маңызды әрекеттерге қатысу;
- еңбек әрекетінің ерекшелігін түсіну, еңбек қатынастарын реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі дамытудың маңызын түсіну;
- жеке өмірлік жоспарларды, қажеттіліктерді ескере отырып, одан әрі білім алуға және кәсіби қызмет нұсқаларын саналы түрде таңдауға дайын болу.

ҚҰНДЫЛЫҚ:ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Құзыреттілік:шығармашылық

- әлемнің қазіргі ғылыми бейнесі, ғылым мен техниканың жетістіктері туралы білу;
- ғылымның қоғам өміріндегі маңызы туралы түсінігін сауатты, дәлелді жеткізе білу;
- себеп-салдарлық және құрылымдық-функционалдық талдау элементтерін қолдана білу, неғұрлым күрделі нақты байланыстар мен олардың тәуелділіктерін зерттей алу;
- сыни ойлау, сенімд ігылыми ақпаратты анықтау және ғылымға қарсы идеяларды сыни талдай алу дағдыларының болуы;
- фактілерді байқау, жинақтаужәне жүйелеу, жаратылыстану және гуманитарлық салаларында, зерттеу қызметінде тәжірибені түсіну.

Күтілетін нәтижелер оқу-тәрбие процесін іске асырудың тиімділігін мониторингтеу және бағалау үшін негіз болып табылады.

МАЗМҰНЫ:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.
- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз –тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
- Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

КҮНДЕЛІКТІ:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.
- апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- Аптаның дәйек сөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.
- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:
- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.

АТАУЛЫ КҮНДЕР

• Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (10.08.1845–1904).

* Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (15.11.1915–2.11.1973)

* Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (21.11.1885–05.10.1935).

* Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (24.11.1895–05.03.1983)

* Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835–1865)

* Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910–10.06.1982).

* Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846–1945)

* Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бокейхановтың туғанына 160 жыл (25.03.1866–1937).

* Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (29.04.1906–1968).

«Адал азамат» біртұтас тәрбиесі бағдарламасын жүзеге асыру бойынша

жұмыс жоспары

Қыркүйек				
Еңбекқорлық пен кәсібилік				
Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)				
1	1 қыркүйек – Білім күні 1. «Білім күні. Бейбітшілік күні!». Білім күніне арналған салтанатты жиын. 2. «Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері» 1 курс студенттеріне арналған тақырыптық сағат. 3. «Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!». Тәрбие сағаттары (1, 2, 3 курстар)	Іс-шаралар жоспары, әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау хаттамалар	директордың тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, топ кураторлары	1-апта
2	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: 1. «Ана тілім – арым бұл! Сынып сағаты. 2. «Мемлекеттік тіл – ұлт тірегі!». Педагогтерге арналған дөңгелек үстел	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	директордың тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, топ кураторлары , әдіскер, тіл пәндері мұғалімдері	1-апта
3	«Студенттер үйінің ішкі тәртібі» жиналыс	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	директордың тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, №5 Студенттер үйінің менеджері	1-апта
Апта дәйексөзі: «Отбасы өзімізден басталады»				
4	Отбасы күніне арналған шаралар: 1. «Отбасы- жауапты таңдау» Кураторлық сағат. 2. «Салауатты карым-катынас қандай болуы керек?». Пікірталас 3. «Отбасы мен колледж – бірыңғай тәрбиелік кеңістікте: өзара іс-қимылдан серіктестікке дейін». Педагогикалық конакжай.	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	директордың тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, топ кураторлары, әдіскер	2-апта

	4. «Отбасымыздың бір күні», « Отбасылық дәстүрлер», «Отбасы тәрбиенің алтын бесігі» челендж			
5	1 курс білім алушыларын бейімдеу айлығы (коллежд тарихымен, әкімшілікпен, пән оқытушыларымен таныстыру, тимбилдинг өткізу, қалаға саяхат, жатақханаға орналастыру).	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	директордың тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, топ кураторлары	2 апта
Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)				
6	Спорттық/ұлттық ойындар ұйымдастыру және өткізу. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік желілерде жариялау, спорт жарыстарының қаттамалары, анықтамалары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, дене шынықтыру мұғалімдері	3-апта
7	«Достық заңынан аскан заң жоқ!». «Қазақстан халықтар Ассамблеясы» мүшелерімен және «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерімен мотивациялық кездесу.	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	директордың тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, топ кураторлары, «Қазақстан халықтар Ассамблеясының» жергілікті мүшелері, «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері	3-апта
8	«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде...» Құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу («алдын алу шаралары»)	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау, анықтама	директордың тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, топ кураторлары, құқық қорғау органының қызметкерлері	3-апта

9	«Бір шаңырақ астында» тренинг. №5 Студенттер үйінде.	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	директордың тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, топ кураторлары	3-апта
Апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. (Абай)				
10	Колледждің жалпы ата-аналар жиналысы: 1. 2025-2026 оқу жылының қорытындысы және алдағы міндеттерді анықтау. 2. «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы». Ата-аналарға арналған семинар	Хаттама	колледж әкімшілігі, топ кураторлары	4-апта
11	«Студенттік өмір – жарқын сәттер кезеңі». Студенттер қатарына салтанатты қабылдау шарасы	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	директордың тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, топ кураторлары, колледждің өзін-өзі басқару ұйымы	4-апта
12	«Ойынға салауатты көзқарас». Салауатты әдеттерді дамыту, уақыт пен эмоцияларды басқару, балама қызығушылықтар мен хоббиді дамыту бойынша шеберлік сабақтарын өткізу. 1-2 курсы. («Ойынға салауатты көзқарас» алдын алу шаралары)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	директордың тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, топ кураторлары,	4-апта
13	"Кітап-рухани қазына" шебер сынып. №5 Студенттер үйінде.	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	директордың тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, колледж оқытушылары	4-апта
Қазан				
Тәуелсіздік және отаншылдық				
Апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!				